**Ақмешіт ақшамы**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ**

120008 Қазақстан Республикасы
Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 59/ 1
тел. -факс: (8-724-2) 23-16-08, 23-16-11

120008 Республика Казахстан
г.Кызылорда, пр.Абая 59/ 1
тел. -факс: (8-724-2) 23-16-08, 23-16-11

**«Желтоқсан и К» ЖШС**
**БСН: 011240007454**

**ТОО "Желтоксан и К"**
**БИН: 011240007454**

"03" желтоқсан 2020ж.
№ 71

Қызылорда облыстық сайлау
Комиссиясының төрағасы
Ғ. Баймурзаевқа

**«Желтоқсан и К» ЖШС-гі «Ақмешіт ақшамы» газеті мен басылым сайтына (qaa.kz) хабарландыру мен сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР-ның Конституциялық Заңының 28 бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы жергілікті мәслихаттар депутаттығына үміткерлердің үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін республикалық тәуелсіз қоғамдық-саяси «Ақмешіт ақшамы» газетінен (таралу тілі –қазақша,орысша) орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді жариялайды.

Республикалық тәуелсіз қоғамдық-саяси «Ақмешіт ақшамы» газеті 1997 жылдың 22 наурызынан шығады. Газет форматы D2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына бір рет: бейсенбі күні.

Таралымы – 4000 дана
Газеттің бір шаршы сантиметрінің бағасы:

*бірінші және соңғы түрлі-түсті беттерде орналастыру - 100 теңге;

* ішкі беттерде орналастыру - 100 теңге

*сайлауалды үгіт материалдарын басылым сайтында (qaa.kz) орналастыру бағасы -

Төлем үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісімшарт бойынша ұсынылған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жазбаша өтініштерді 9:00-ден 18:00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылдайды: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 59/1. Байланыс телефоны: 8(7242) 23-16-08,23-16-11, e-mail: a_akshamy@mail.ru

**«Желтоқсан и К»ЖШС-нің**
**бас редакторы:** **С.Бихожаева**

*Nur Otan партиясы XX съезі:*

# ӘРБІР АЗАМАТҚА ЛАЙЫҚТЫ ӨМІР...

Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№48 (1536)
26 қараша 2020 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz

## • Салық сауалы

«Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалының сеп болуымен тұрғындар салық саласына бағытталған сауалдарына жауап алды. Онлайн нұсқада ұйымдастырылған кездесу аясында Қызылорда қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Берік Ниеталиев алдымен салық төлеудегі негізгі басымдықтарды атап өтті.

- **Ағымдағы жылдың он айында Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы біршама жұмыстар атқарылды. Жергілікті бюджет жоспары жақсы көрсеткіштегі пайызбен орындалды. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда түсім ұлғайды. Яғни, өсу қарқыны бар,** - деді Берік Ниеталиев.

Қызылорда қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы эфир арқылы тұрғындардың сауалдарына жауап берді. Жұртшылықтың мәселесі декларацияға, салық түрлеріне, төлем жасау тәсілдеріне және өзге де сұрақтар турасында өрбіді. Әр тұрғынның сауалын жауапсыз қалдырмаған басшы өз кезегінде мәселелердің орнымен реттелуіне жөн сілтеді.

## • Ұжым кездесуі өтті

«Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ ұжымымен кездесті. Кездесу барысында цифрлық бағыттағы тапсырманы орындау турасындағы жұмыстар айтылып, негізі қалағаннан қолданыста болған құндылықтар сақталған ғимараттағы мұражайды да аралады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың: "Жаңа жағдайдағы Қазақстан іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан Халқына Жолдауындағы «Цифрландыру – барлық реформаның негізгі элементі» бағытын орындау басымдыққа алынған.

Жалпы, электр торабы басқармасының меншігінде 27 10 кВ орталық тарату пункті 515,51 шақырым 10 кВ жер асты кабель желісі, 29,6 шақырым 0,4 кВ кабель желсі, 423 дана 10/0,4 кВ қосалқы станция бар. Бүгінде бұл акционерлік қоғам қала тұрғындары үшін заман талабына сай жаңарған бағытта қызмет көрсетуде. Мекеменің техникалық жабдықтары электронды форматқа көшірілу негізінде жұмыс істеуде.

## • Партиялық мониторинг

Қала көлеміндегі әртүрлі мекемелер талапқа сай жұмыс істеп, көпшілікке сапалы қызмет көрсеткені ләзім. «Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы аталған бағытта кезекті рет мониторинг жұмыстарын жүргізді. Келесі аялдама қалалық электр тарату торабы АҚ-на бағытталды.

Мониторинг жұмыстарын жүргізудегі басты мақсат - Қызылорда қаласының электр қондырғыларының техникалық жағдайын талдау. Сондай-ақ, заман талабына сәйкес, аталмыш басқармадағы жабдықтардың электронды форматқа көшуі де назарға алынды.

Электр торабы Басқармасындағы биылға жоспарланған жұмыстардың басым көпшілігі жүзеге асқан. Мәселен, талапқа сай емес электр желілері жойылып, қосалқы станциялардың монтаж жұмыстары аяқталып, тұтынушылар жаңа әуе желісіне қосылуда. Сонымен қатар, бірқатар желілерге күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

## • Медиатор кеңесі

Азаматтарға құқықтық және кәсіби көмек беру мақсатында қала тұрғындарын толғандырған мәселелерге кеңес беру үшін онлайн нұсқада кездесу өтті.

Аталған бағытта «Халықаралық медиация орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облысы бойынша директоры, «Тәжірибелі заңгерлердің ұлттық орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облысы бойынша директоры Бейс Руслан Достанұлы тікелей эфир барысында тұрғындар толғандырған сауалдарға жауап берді.

- Тұрғындарға тиесілі мәселелер турасындағы жанжалдарды реттеу медиация саласына бағытталады. Мәселен, кез келген мәселенің түйіні екі жақты келісім негізінде шешім табуына қолғабыс етеді. Осы мақсатта бүгінде қала көлемінде бірқатар түйіткілді мәселелер ретімен орындалуда, - деді медиатор Руслан Бейс.

Естеріңізге сала кетейік, 2011 жылы 28 қаңтарда «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды және 2011 жылы 5 тамызда қолданысқа енгізілді.

**А.ӘЛИАРЫСТАН**

## КОВИДТІҢ ҮЙРЕТКЕНІ

Індеттің кетпейтін түрі бар. 25- қараша күнгі көрсеткіш тәулігіне 720 адамның вирус жұқтырғанын көрсетті. Көрсеткіштерге сенсек жағдай бір қалыпты. Десе де, соңғы күндерде ел бойынша кішігірім өсім байқалады. Бұл уақытқа дейін шілде айында өте жоғарғы індет жұқтырушылар тіркелген еді. Ол кездегі сан 20266-ға жеткен.

Ал әлем елдері арасында Қазақстан 25-і күнгі тізімде 51-інші орынға жайғасты. Біздің үстімізде Болгария, төменде Сербия бар. Алғашқы орында АҚШ тұр. Бұл жақта вирус жұқтырғандар саны 13 миллионға жақындаған. Ал 25-ші қараша күнгі мәлімет бойынша бір тәулікте АҚШ-та 83655 адам індет жұқтырған.

Ал осынау індет кезінде жұмысқа шықпай, үй жайында жұмыс істеген адамдардан бөлек, індеттің ықпалына мойынсұнбай қызмет атқарғандар жетеді. Бізге белгілі тазалық жұмысшылары, қоғамдық көлік жүргізушілері және жеткізу қызметінің ұжымдары біраз тер төкті.

Біз әлемнің дамығаны жайлы кітаптар жазып, хабарлар түсіріп, жасанды сананың адам өміріне қосқан үлесін айтудамыз. Алайда, роботтар адамды барлық қызметте ауыстырады деген ой мүлде қате секілді. Төртінші өнеркәсіп революциясы заманының ауылы әзірге алыс па деген ой келеді.

Қазірде әлімнің дамуы кез-келген қызметкердің күн сайын жетіліп отыруын талап етуде. Ал індет кезіндегі штатта жұмыс жасап, жоғары жалақы алатын қызметкерлердің біразы үйден жұмысын атқарды. Олардың орнына қалған жұмыстарды тәжірбиесі бар, бірақ мандаты төмен қызметкерлер орындады. Өкіністісі сол, әлемнің алпауыт кәсіпорындары осы қызметкерлерін бағаламайтындай.

Мәселен, «Amazon» компаниясының қызметкерлерінің бір жылдық жалақысы 30 мың АҚШ доллары ғана. Әлемге мәлім компания тауар жеткізу қызметімен айналысады. Пандемия кезінде компанияны құрушы Джефф Безостың ауқаты 70 миллиардқа өскен болатын. Бұл күндері оның қаржысы 200 миллиард долларға жуық. Былайынша қарасаңыз масқара ақша. Індет кезінде компания басшылығы, бастықтары жұмысқа шықпаса да, жеткізуші, жүргізуші қызметтері тыным таппай жұмыс жасап, Безостың қалтасын толтырды. Бұл дегеніміз, қаншалықты бай компанияның өзіне де қызметкерлердің керектігін, және олардың орнын ешкім баса алмайтындығын көрсетеді.

Илон Масктың жаңалығы, тоқпен жүретін көлік Тесланы естімеген адам жоқ. Адам ұйықтап кетсе көлік өзі тоқтайтын көрінеді. Немесе, апаттық жағдайдың алдын алуға қауқарлы технологиясы бар. Алайда, көлік қаншалықты ақылды болса да, оның құрастырушысы, қадағалаушысы қарапайым қызметкерлер. 2018 жылғы мәлімет бойынша бұл жақтағы қарапайым қызметкерлердің жылдық табысы 56 мың долларды құрады. Алпауыт АҚШ-та бұндай қаржы түкте емес. Ал бізге мәлім Цукербергтің Facebook желісіндегі қызметкерлерінің жылдық жалақысы 228 мың долларды құрайды екен. Алайда бұл тізімге қарапайым қызметкерлер кірмейді. Олардың айлығы аз көрінеді. Дәл осы жалақысы аз қызметкерлер компанияның дамуына, сапалы контент құруына едәуір көмек жасап отыр.

Бүгінде қарапайым қызметкердің мамандық бойынша дипломы жоқ немесе сәйкес келмейді. Алайда, олардың тәжірбиесі әлдеқайда жоғары. Жұмыстың құрылымы пирамида кірпіштері секілді. Үстіңгі бөлігінде санаулы кірпіштер болса, төменгі жағында демеу болып тұратын іргетасы бар. Бұл да жұмыстың бабында кездесін жағдай. Сондықтан, қарапайым қызметкердің жалақысын көтеріп, оларға мемлекет тарапынан жеңілдіктер ұсыну қажет. Кез-келген жердің іргетасы - қарапайым қызметкерлер.

**Дамир АМАНГЕЛДІ**

## ТҰРҒЫНДАР ТРОТУАР СҰРАЙДЫ



Әдепкі жылдары бұл жақта қара жолдың өзі қол жетпес армандай еді. Жалпы өзіміз бүгінді өткенмен салыстырғанды ұнатады емеспіз бе? Кезінде батпақтан көз ашпаған СПМК-70-тің тұрғындарына бүгінде газ да, су да, жол да барды. Бірақ, Тараз деп аталын көшенің бойында жаяулар жолы жоқ дейді. Оны кесіп өтетін Баймаханов көшесінің төрт құбыласы түгел.

Алайда, әлгі Тараз көшесінің мына басы Астана мөлтек ауданында болса, екінші басы Сұлтан Бейбарыс көшесіне барып тіреледі. Айтпағым, бұл көшенің басында нөмірі 264-інші мектеп лицейі орналасқан. Сәйкесінше осы аумақтың көп балалары аталған мектепте білім алуда. Қазіргі күні қашықтықтан оқытып отырғанмен, кезекші сыныпқа барып жүргендер жетерлік.

Осы тұста Тараз көшесімен баяу жүретін қоғамдық көлік те, ызғыған жеңіл көліктердің де саны аз емес. Асфальтпен жүрсең көлік көп, қауіп та көп. Шетпен жүрсең жол жоқ, болс да шаң- топырақ. Осы мәселені ескере отырып, бала-шағасын мектепке апарып отырған ата-аналар жаяулар жолы салынса екен дейді. Індеттің соңғы демі шығып, дәстүрлі оқуға қайта оралғанда жұрттың жаяулар жолын таппайтынына бұл көрініс куә.

Жалпы мектеп пен үйлердің арасы 15-20 минуттық жер. Қазіргі күні бұл көшемен мектепке қатынайтындар немесе жұмысына жаяу баратындар жетерлік.

- **«Мен бұл шағын ауданда 2007 жылдан бері тұрамын. Ол кезде өзім де мектепте оқитын едім. Сол жылдары батпақ кешіп, қыстың күні су кешіп мектепке баратынбыз. Мына тұрған жолдың орнында үлкен су арнасы бар еді. Қазір оны тегістеп, жол төсеп тастады. Десе де, жаяулар жолының жоқтығы қауіп тудырады. Қай кезде кім көлігімен жаншып кетер екен деп артымызға қарайлаумен боламыз. Небір жүргізушілерді көрудеміз. Оның үстіне қарындасымды да мектепке апаратынмын. Ол кезде өзім баскөз боламын. Кейде ол өзі жалғыз қайтады. Бұл өте қорқынышты»,** - дейді жергілікті тұрғын Бекзатхан Кекілбай.

Аталған мәселеге ден қойып ықшам аудан тұрғындарын неге бір марқайтпасқа? Бәрінен бұрын балалар, оқушылар өмірі алдыңғы қатарда екенін ұмытпаған абзал.

**Дамир АМАНГЕЛДІ**

**Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XX съезі өтті.**

Жасыратыны жоқ, жұрт съезді көптен күтті. Тіпті тағатсыздана күтті десе де болады. Себебі белгілі. Алайда, бұл жолы съезге барамын деп алашапқын болып ұшаққа, поезға мініп, Астана асқандар болған жоқ. Қазіргі жағдайдың ерекшелігіне орай, съезд онлайн өтті. Съезд қандай форматта өткенде де күн тәртібіндегі негізгі мәселелер сол күйінде қаралды. Партияның сайлауалды бағдарламасы жарияланды. Айта кету керек, онлайн өтсе де жұртты көп ойландырып, съезд өткенше сабырсыздыққа әкелген партиялық тізім бойынша мәжіліске ұсынылатын үміткерлердің тізімі бекітілді. Ресми ақпарат бойынша:

**"Партиялық тізім 126 кандидаттан тұрады. Олардың ішінде 77 кандидат партияішілік праймериз қорытындысы, ал 49 адам орталық партиялық квота бойынша анықталды.** Кандидаттардың жалпы тізімінде Парламент Мәжілісінің қызметтегі депутаттары 20%-дан аспайды, мемлекеттік басқару саласының өкілдері - 13%, білім және денсаулық сақтау саласы – 12%, үкіметтік емес ұйымдар – 9% және өнеркәсіп – 8% болды. Сондай-ақ, экономистер – 28%, заңгерлер – 20%, кәсіпкерлер – 17%. Ал 21 үміткердің ғылыми дәрежесі бар, оның ішінде 10-ы – ғылым докторы, 11-і – ғылым кандидаты. Тізімнің үштен бірі – әйелдер. Кандидаттардың орташа жасы бұрынғы партиялық тізімдермен салыстырғанда 4 жылға төмендеп, 48 жас болды.

«Nur Otan» партиясының праймеризіне 10 мыңнан астам кандидат, ал республикалық онлайн-дауыс беруге 662 мыңнан аса адам немесе барлық нұротандықтардың 84%-ы қатысты. Қорытындысы бойынша 6253 адам «Nur Otan»-ның барлық деңгейдегі 216 мәслихатқа арналған партиялық тізіміне енді.

Талдау көрсеткендей, өңірлік партиялық тізімдерде әйелдердің үлес саны 22-ден 34%-ға дейін, жастар – 3,5 есе, 7-ден 24%-ға дейін артты. Орташа жас мәслихаттардың қазіргі құрамымен салыстырғанда 7 жасқа – 51-ден 44-ке дейін жасарды. Партиялық тізімдердің 24%-ын мәслихаттардың қазіргі депутаттары құрайды, ал 76% – жаңа тұлғалар.

**Бұл ретте партияға 42 мыңнан аса жаңа мүше қосылды. Олардың 1000-нан астамы партияішілік сайлауға қатысып, әрбір 3-шісі «Nur Otan»-ның партиялық тізіміне енді".**

Қанша дегенмен партиялық тізімге енетін тұлғаларды анықтау үшін өткізілген праймериз өз тиімділігін көрсетті. Әрине, тізімге ену үшін әр үміткер бірнеше сынақтан өтіп, өз шешендігін, батылдығын, қабілетін байқатты. Праймериз басталғалы бері елеңдеп жүрген елдің бар ынтасы партиялық тізімге кімдердің енетіні болғандықтан да алдымен соған тоқталғанды жөн көрдік. Қызылорда облысынан кешегі праймеризде көп дауыс жинап, басымдық танытқан YI шақырылымдағы мәжіліс депутаты Б.Кесебаева, “Казпошта” облыстық филиалының директоры А.Әбибуллаева, СПК “Байқоңырдың” тәуелсіз директоры М.Әміреев есімдері съезде бекітіліп, Мәжіліс депутаттығына баратындығы айқындалды. Сондай-ақ, партия квотасы бойынша тізімге енгендердің арасында қазіргі Мәжіліс депутаты қызылордалық Г.Шиповских те жүр. Бұдан бөлек, есімі елге белгілі Nur Otan төрағасының бірінші орынбасары Б.Байбек, “Самұрық-Қазына” ұлттық қоры Басқарма төрағасы А.Есімов, Үкімет басшысы А.Мамин, оның орынбасары Е.Тоғжанов, Назарбаев қорының директоры Д.Назарбаева, қоғам белсендісі, саясаткер А.Сарым, қазіргі депутаттар Б.Смағұл, Б.Тілеухандар да осы квотада жүр. "Үкіметтің" квотамен Мәжіліске баратынына қарағанда сайлаудан кейін елде бірқатар саяси өзгерістер болғалы тұр.

Съезде партия төрағасы Н.Назарбаев сөз сөйлеп, бірқатар мәселелерді ашып айты.

**“Бүгінде Nur Otan еліміздегі халық өміріне жауапты басты саяси күшке және партияға айналды. Партия тарапынан әрдайым тұрғындарға қолдау көрсетіліп келеді. Партия тұрғындардың осал топтарын назардан тыс қалдырған емес”** – деп партияның ел алдындағы жауапкершілігін айқындаса, ел Президенті Қ.Тоқаев: “Алдағы сайлау қоғам үшін өте маңызды. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың “Бес институционалды реформа мен ұлт жоспарында” қалыптастырған жүйелік жаңғыруға серпіліс беру керек. Содан да “Өзгеріс жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!” сайлауалды бағдарламасын қабылдадық. Бұл әбден зерделенген шынайы, нақты құжат. Экономикадағы қиындықтарға қарамастан Nur Otan үкіметпен бірге алдағы бес жылда 21 трлн теңгенің бағдарламасын жүзеге асыруға күш салмақшы. Бағдарлама елдің әлеуметтік ілгерілеуіне және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты іс-шаралардан құралған” - деді.

"Nur Otan сайлауалды бағдарламасының **Бірінші басымдығы**: **өз әлеуетін жүзеге асыру үшін әрбір азаматқа теңдей мүмкіндіктер беру.**

Мемлекет нақты мұқтажға ғана адрестік көмек беруі тиіс. Ең бастысы - әділдік.

Қаржы-несие саясаты жалпыұлттық әлеуметтік-экономикалық бағыттарға байланысты жүзеге асады. Нәтижесінде мұнайға байланысты емес бюджет тапшылығы 2025-ші жылы Үкіметтің есебі бойынша 6% болады, жалпы тапшылық 3%-дан аспауға тиіс.

**Екінші басымдық: интеллектуалды ұлт қалыптастыру.** Білім, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт шығындары артады. Оларды қаржыландыру көлемі ішкі жалпы өнімнің 5%-нан кем болмайды. Елде 800 жаңа мектеп салынады, үш ауысымда оқытатын, апатты жағдайдағы мектептер мәселесі шешіледі. Мектептердің барлығы компьютер кабинеттерімен, интернетпен қамтамасыз етіледі. Екі өңірде Назарбаев университеті жүйесіндегі екі жоғары оқу орны ашылады. 2025 жылға қарай жоғары білім гранты 50%-ға артады. Студенттер шәкіртақысы 2 есеге, магистранттар мен аспиранттардың шәкіртақысы 1,5 есе өседі. Бизнесте пайдалы идеяларды жүзеге асыру үшін жыл сайын жас кәсіпкерлер үшін 10 мың грант бөлінеді.

Балалардың бос уақытын тиімді өткізу әрі шығармашылық потенциалды дамыту үшін әр мектепте жағдай жасалады. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту шаралары жасалады. Цифрландыру, телемедицина, биологиялық қауіпсіздік инфрақұрылымы біріккен бірыңғай ұлттық жүйе аяқталады. Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында екі көпсалалы ғылыми-инновациялық клиника салынады. Өңірлік медицинаны дамыту үшін облыстарда 20 қазіргі заманауи дәрігерлік орталық салынады. Аудандық аурухана, перзентхана, елді мекендердегі емдеу орындарын барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Педагогтардың жалақысы 2 есеге, 2023-ші жылға қарай дәрігерлердің айлығы 2,5 есе өседі. Басты мақсат – қазақстандықтардың орташа жас ұзақтығын 75 жасқа жеткізу.

**Үшінші басымдық: өңірлер экономикасының тұрақты дамуы.** Қатаң, алайда теңдестірілген макроэкономикалық саясат, жеке секторды қолдау, азаматтар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындау арқылы экономикалық өсімге қол жеткізу керек. Ол үшін тиімсіз жеңілдіктер мен субсидияларды алып тастау, бюджет шығындарын қатаң бақылау, инфляцияны өсірмеу, теңгенің еркін айналымын қамтамасыз ету керек. Бюджет шығындары оңтайланып, мұнайға байланысты емес бюджет тапшылығын қысқарту, ұлттық байлықты бөлуде әділдікті қамтамасыз ету керек.

**Төртінші басымдық – есеп беретін еститін Үкімет пен жауапты азаматтар.**

Еліміз үшін қиын кезеңде партия халыққа одан сайын жақындай түседі. Біздің міндетіміз – өзіне және өз ұрпағына лайықты өмірді қалайтын азаматтардың заңды әрі әділ тілегін жүзеге асыруда азаматтармен бірдей қимыл жасап, бірге болуға қол жеткізу.

Біздің жұмысымыздың басты бағыты адамдардың мұқтаждықтары мен мәселелері. Мемлекет халықтың үні мен пікірін естуге міндетті. Парламент пен халыққа есеп беретін үкімет осы бағытта жұмыс істеуі тиіс". Сондай-ақ ел Президенті үміткер болудың жауаптылығына да тоқталды. Нақтылап айтар болсақ, Президенттің айтуынша “Nur Otan партиясынан үміткер болу мемлекеттің болашағына жауаптылық. Партияға мүше болу - артықшылық емес, күн сайын Отан игілігіне қызмет етудегі қоғам алдындағы міндет. Партия еліміздің әралуандығының, әртүрлі көзқарастар мен пікірлердің жиынтығы".

“Біздің үкіметіміз індет кезінде тиянақты жұмыс істеді. Қиындыққа қарамастан тиімді жұмыс істеді. Бағдарламалардағы міндеттер нақты, біз оны орындауға тиіспіз. Нарықтық институттар жұмыс істеуі керек және мемлекет көмектесуге тиіс.

Біз билеуші партия мәртебесі билік өкілдігіне қол жеткізу үшін емес, ел мен адамдарға нақты пайда әкелу мүмкіндігі екендігін әрдайым естен шығармауымыз керек. Партия мүшелері, әсіресе мемлекеттік басқару жүйесіндегі жоғары қызметтегілер нағыз еңбексүйгіштіктің, жауапкершіліктің, азаматтық патриотизмнің үлгісі болуға тиіс. Біздің партиядағы әріптестер болашақта да осылай болып қаларына күмән жоқ".

Сөз соңын Н.Назарбаевтың ***«Басқа партиялар да бар, әлі де болар. Оған ешкімнің қарсылығы жоқ, қоғам солай, уақыт солай. Бірақ, сол партиялардың барлығы нақты ұсыныс жасап, елге жақсылық жасаса екен дейміз. Тек қана сынап, көшеге шығып, айғайлап, одан не шығады? Қанша айғайласа да, көшеге шықса да, түбінде, жаңағы көпбалалы аналар, жағдайы жоқ кісілер кімге келеді? Үкіметке келеді. Бәрін шешетін мемлекет, үкімет»*** **– деп айтқанымен аяқтағымыз келеді.**

# Талсуат ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер Жылқыбай Айбек Жамалұлының ӨМІРБАЯНЫ



- 1979 жылы 17 қазанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Басықара ауылдық кеңесінде дүниеге келген; 1986-1996 жылдар аралығында Құмжиек кеңшарындағы № 92 Қ.Күлетов атындағы орта мектепте білім алған; 1997-2002 жылдары Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде оқып, «экономист-маркетолог» мамандығын алған; 2002-2003 жылдары Алматы облысы, Ұзынағаш кентіндегі 28237 әскери бөлімінде әскер қатарында болған; Запастағы аға лейтенант.

**Еңбек жолы:**

- 1999-2002 жылдар аралығында Алматы қаласындағы «КСІ» ЖШС-нің сауда жөніндегі менеджері;
2004-2005 жылдары «Төтенше жағдайда штабтар жұмысын ұйымдастыру» мемлекеттік мекемесінде 1 сыныпты кинолог, 2 категориялы құтқарушы; 2005-2011 жылдары Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Жедел құтқару жасағы» мемлекеттік мекемесінде құтқару бөлімшесінің командирі, бас құтқарушы - баспасөз хатшы, автокөлік пайдалану жөніндегі бас маман - құтқарушы; 2011-2012 жылдары «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жоғарғы санаттағы маманы, бөлім бастығы; 2012-2016 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының «Жұмылдыру жұмыстары және дағдарыс жағдайындағы шұғыл талдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жұмылдыру жұмыстары бөлімінің бастығы; 2016 жылы «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Экономика объектілерін жұмылдыру бөлімінің біліктілігі жоғары деңгейдегі маманы; 2016 жылдың шілдесінен бастап «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Терроризмге қарсы іс-қимыл және арнайы құрылымдарды үйлестіру бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеуде.

# Талсуат ауылдық округінің әкімі лауазымына үміткер Рамберген Қуанар Тағыбергенұлының ӨМІРБАЯНЫ



1992 жылы 21 желтоқсанда Қызылорда қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары.

**2008-2011 жылдары** Қазақ гуманитарлық заң және техникалық колледжінде – **«Қаржы және қаржы құқығы»** мамандығын (үздік);

**2011-2016 жылдары** Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде **«Қаржы»** мамандығын (үздік);

**2014-2016 жылдары** Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде **«Құқықтану»** мамандығын игерген.

**2015-2017 жылдары** Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей Халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясында Executive MBA **«Евроменеджмент - менеджерлерге арналған бизнесті басқару магистрі»** оқу бағдарламасы бойынша толық курсын бітірген.

Еңбек жолын 2014 жылы «Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің статист маманы ретінде бастаған. 2014 - 2016 жылдары наурыз айлары аралығында «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінде бас инспектор; 2016 - 2017 жылдары Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының «Өңірлік коммуникациялар қызметі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде маман; 2017 - 2019 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас маманы; 2019 жылдың наурыз айынан бастап Қызылорда қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бас инспекторы қызметін атқарып келеді.

Отбасылық жағдайы – үйленген.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Өз ісіңнің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу керек. Қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да – игілігін көріп, рахатына бөленуді мақсат тұтқан жөн» - деп шығыс ғұламасы Әл-Фараби айтқандай әр адам алдына мақсат қоя білу қажет. Мақсатына жету үшін талмай еңбек етіп, өз-өзіне сенімді болу керек. Сондықтан ең басты міндетім елдің ауызбіршілігін сақтап, табысқа қол жеткізу жолында ауылдық округ тұрғындарымен бірлесіп жұмыс жасау болып табылады.

Ауылдық округтің әлеуметтік, экономикалық көрсеткіштерін жақсарту бағытында қоғамдық кеңес, ардагерлер кеңесі, аналар кеңесі секілді үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе жұмыс жасап, жоспарларымды жүзеге асыру жолында аянбай еңбек етуге дайынмын.

**ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМЫТУ:**

- ауыл тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, әлеуметтік қамсыздандыру салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың әлеуетін пайдаланып, шағын кәсіпкерліктің дамуына жол ашу. Сол арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ұйытқы болу. Сонымен қатар, жұмыссыз азаматтарды қажетті мамандықтар бойынша қайта даярлап, тиісті мамандық иелерін еңбекпен қамтуға жағдай жасау;

- кәсіпкерліктің дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуымен қатар, жергілікті бюджеттің нығаюына және салық базасының ұлғаюына септігін тигізеді. Осы ретте, заман талабына икемделген шағын және орта кәсіпті дамыту бағытында жұмыс жасап, тұтынушылардың ең қажетті деген тауарларын өндірту бағытында тың идеяларды іздестіру және оны жүзеге асырту;

- кәсіпкерлікті дамыту бағытының оңтайлы жолдарының бірі инвесторлар тарту бойынша жұмыс жасау.

**САЛЫҚТЫ ҰЛҒАЙТУ МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ:**

- ауылдық округте салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бюджетке басқа да төлемді міндеттердің түсу көлемін арттыру бағытында тиісті шаралар қабылдау;

- ауыл шаруашылығына (мал шаруашылығымен қоса) жаңа технологияларды енгізу, шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін қолдану бағытында жұмыс жасау.

**АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БОЙЫНША ИНФРАҚҰРЫЛЫМ:**

- Талсуат ауылдық округіндегі жаңадан қоныстанушы тұрғындардың көшелеріне электр желілері мен жоғары кернеулі подстанция орнатып, өз бетімен салынған электр желілерін ауыстыру жұмыстарын жүргізу;

- ауылдық округ аумағын жарықтандыруды жалғастыру (13 көше), абаттандыру, көгалдандыру, аяқ су және санитарлық тазарту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру;

- ауылдық округтегі клубты салуға қатысу, 9 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын (асфальттау) *(Құмкөл, Алматы, Ақмешіт, Сейхун, Көкшетау, Орынбор, Арал, Атырау және О.Сауытбаев көшелері)*, 6 көшеге орта жол жөндеу жұмыстарын жүргізу (тас төсеу) *(Сығанақ, 7-көше, Отырар, Қазалы, Ақтау, Жанкент көшелері)*.

**БІЛІМ БЕРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҰМЫСТАРЫ:**

- Ұлт болашағы – балалардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына, бүлдіршіндердің толықтай балабақшамен қамтылуына, оқушылар мен мұғалімдердің білімі мен біліктілігін арттыруда жаңа тәсілдерді қолдануға ықпал жасау;

- ауылдық округ тұрғындарымен бұқаралық спорттық іс-шараларды жүйелі өткізу;

- жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын тиімді пайдалануға арналған спорттық секциялардың жұмыстарын жандандыру;

- құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуына бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

- ауылдық округте қылмыстың, тәртіпсіздіктің алдын алу мақсатында құзырлы мекемелермен бірлесіп, бейне бақылау камераларын орнатуға жұмыс жасау;

- ауылдық округтегі үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру;

- жастардың деструктивті діни ағымға еріп кетпеуі мақсатында танымал теологтарды шақыртып, семинарлар ұйымдастыру.

**АШЫҚ ӘКІМДІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ:**

- Талсуат ауылдық округі әкімдігінің қызметін халық үшін өзекті және тұрмыстық мәселелерді қарауына алу мақсатында «Facebook» парақшасын кеңінен пайдалану, «Ақсақалдар алқасы» мүшелерімен отбасы құндылықтарына бітімгершілік бағытын жандандыру, мүгедектер, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардың жағдайына сәйкес қабылдаулар мен кездесулер өткізу. Сондай-ақ тұрғындармен тікелей байланыс орнатудың барлық мүмкіндіктерін жасау.

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**НЕГІЗГІ 6 БАСЫМ БАҒЫТТАР:**

**1. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ:**

- Ауылдық округ тұрғындарының әлеуметтік тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында жұмыссыздарды мамандыққа қайта даярлау, қоғамдық ақылы еңбекке тарту, жас мамандарды еңбекке баулу, ішкі және сыртқы инвесторлардың тәжірибесін үлгі ретінде кент жастарына үйрету, оларды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін шешуге көмек көрсету;

- Әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың жұмыспен қамтылуына «Жұмыспен қамту Жол картасы» бағдарламасы аясында кент тұрғындарының барынша таратылуын ұйымдастыру;

- «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында ауылдық округке қажетті мамандарды тарту,

- Ауылдық округтегі мүмкіндігі шектеулі жандарды мемлекеттік бағдарлама аясындағы қайтарымсыз гранттар мен өзге де жеңілдіктерге ындаландыру арқылы, қолайлы жағдай жасау;

- Пробациялық бақылауда тұрған азаматтарды қайта даярлау курстарынан өткізу арқылы, жұмыспен қамтуды ұйымдастыру.

**2. ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС:**

- Кәсіпкерліктің дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, жергілікті бюджеттің нығаюына және салық базасының ұлғаюына септігін тигізеді.

Осы ретте, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін пайдалана отырып, заман талабына икемделген шағын және орта кәсіпті дамыту;

- Кәсіпкерлікпен айналысуға ауылдық округ жағдайына тән жаңа жобалар жасау, тиісті мамандармен кездесу, инвесторлар тарту, жобаға қатысқан тұрғындардың өндірген өнімдерін сатудың оңтайлы жолдарын қарастыру;

**3. САЛЫҚТЫ ҰЛҒАЙТУ МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ:**

- Ауылдық округте салық базасын ұлғайту бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыра отырып, бюджетке басқа да төлемді міндеттердің түсу көлемін арттыру бағытында тиісті шаралар қабылдау;

- Ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығымен қоса) жаңа технологияларды енгізу, шаруашылық жүргізудің озық үлгілерін қолдану бағытында жұмыс жасау.

**4. АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕГІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАР:**

- «Жұмыспен қамту Жол картасы» бағдарламасы аясында ауылдық округі және оған қарасты елді мекендерде ауыз су, жол және электр желілерін жөндеуге қатысты барлық жұмыстарды жүргізу;

- Абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру, аяқ су және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

- Мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында ауылдық округтегі апатты деп танылған мәдениет үйінің құрылысын салу мүмкіндігін қарастыру;

**5. БІЛІМ БЕРУ, СПОРТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК:**

- «Балапан» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асуына, ауыл бүлдіршіндерін толықтай балабақшамен қамтамасыз ету;

- Ауыл бүлдіршіндеріне ойын алаңы, жастар спорт алаңдарын салуға қатысты жұмыстардың шешімін қарастыру (инвестор тарту);

- Ауыл тұрғындарын түгел қамтитын бұқаралық спорттық іс-шараларды жүйелі өткізу және кент/ауыларалық жолдастық спорттық шаралар ұйымдастыру арқылы салауатты өмір салтына баулу;

- Ауыл тыныштығын сақтау мақсатында құқық бұзушылықтың, қылмыстық және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында құзырлы орындармен бірлесе отырып, жүйелі жұмыстарды жүргізу.

**6. АШЫҚ ӘКІМДІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ:**

- Ауылдық округ әкімі қызметін халық үшін өзекті және тұрмыстық мәселелерді қарауына алу мақсатында ауыл әкімінің «Ашық әкімдік» мессенджерін кеңінен қолдану, «Ақсақалдар кеңесі», «Қоғамдық кеңес» мүшелерімен бірге отбасылық және адами құндылықтарды насихаттауға бағытталған жүйелі жұмыстарды жүргізу;

- Мемлекеттік жекешелік әріптестік аясында жаңадан ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратын салу арқылы әкімдік ғимаратының қызметін «Опен Спейс» форматына көшіру мүмкіндіктерін қарастыру;

- Тұрғындарды өзекті мәселелері бойынша күнделікті қабылдап, мәселелердің шешілуі бағытында тиісті шаралар қабылдау;

- Ауылдық округтегі бұқаралық спорт пен мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстарды жүргізу;

- Тұрғындармен ашық диалог орнату.

## БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – СЫР ЕЛІНІҢ БАЙЛЫҒЫ

Балық шаруашылығын дамыту бүгінгі күннің талабы деп білеміз. Тұңғыш Президентіміз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдауымен САРАТС-1 бағдарламасы іске асып, Кіші Арал теңізі қалпына келіп, Арал өңірінде экологиялық жағдай қалпына келтіріліп, бірнеше көлдер мен көлшіктер суға толтырылып, балық шаруашылығы қайтадан дамуда. Ендігі мәселе әр көл иелері бекітіліп берілген көлдеріне келетін су жолдарын тазалап, гидротехникалық құрылыстарын жөндеу жұмыстарын жүргізуі қажет. Бүгінгі күні жоғарыдан түсетін судың аз болуына байланысты көлдегі және көлшіктегі суды сақтап қалуға, ішіндегі балықтардың шығынға ұшырамауына жан-жақты жұмыс атқаруға кезек күттірмейтін мәселе болып отыр. Қазіргі таңда маған бекітіліп берілген “Итатқан” көлі бойынша су келетін су жүйелерін тазалау жұмыстары оның жан-жағына ақпараттық тақтайшалар қою, көлдің жағалауын тазалау, көлге Сырдария өзенінен түсетін судан басқа тау суларының түсу жолдары қарастырылып, сол бағытта жұмыстар атқарылып жатыр. Кеңес дәуірінде жоғарыда аталған көлге Сарысу, Шу өзендерінен түскен су жолдарын қайтадан қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге жоспарлар жасалуда. Сондықтан әр көл иесінің мақсаты көлдің сақталып, балық шаруашылығын әрі қарай дамуына жұмыс жасалған жағдайда Сыр елінің балық шаруашылығының өсіп-өркендеуіне оң әсерін тигізетіні анық.

**Қ.МАХАМБЕТОВ**
**жеке кәсіпкер**

## ҚОҒАМНАН ШЕТТЕГЕН ЖОҚ...

Жыл басынан бері Қазақстан Республикасының түзеу мекемелерінен босап шығатын және босатылған **161** азаматқа хабарлама хаттар келіп түсті. Осы хабарламалар бойынша **127** азамат босап шыққан болса, түзеу мекемелерінен босамағандар – **34,161** азаматтың туған-туысқандарынан түзеу мекемелерден жазасын өтеп жатқандармен және жазасын өтеп шыққандардың жанұясында болып әлеуметтік жағдайларын біліп түсініктемелер толтырылды. Босатылған **127** азаматтың ішінде **11** адам /квотамен/ тұрақты жұмыспен қамтылды. Қалған азаматтармен нәтижелі жұмыстар жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың осы мерзіміне дейін **82** адам жұмыспен қамтылған, оның 78 азаматы орталық мамандарының ықпалымен қалалық жұмыспен қамту орталығының біріңғай ақпарат жүйесі (*Еңбек нарығы*) арқылы тұрақты жұмысқа орналастырылды, оның ішінде **30–ы** квота бойынша орналасты. Кәсіби оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру барысында ағымдағы жылы оқуға **39** азамат өтініш білдіріп, тіркеуге алынды. Қазіргі таңда **13-і** қысқа мерзімді курсқа жолданып таңдаған мамандықтары бойынша оқу курстарын оқыды. **Е.Изекенов, Д.Басарова, З.Хултанова, Ә.Ташматов, А.Күбілі, У.Ибишова, Н.Айпейсов, Е.Жетпісбай, М.Искаков, Р.Жұмадилов, А.Жубаниязов, Ж.Бекетаев** қайтарымсыз несие алып, өз кәсібін ашып жұмысын бастауына көмек көрсетілді. **1**-уі **/Ж.Диханбаева/** «Жұмыспен қамту» орталығы арқылы тігінші мамандығы бойынша оқуын жалғастыруда.

Мекеме мамандарымен жазасын толық өтеп шыққан және пробация қызметінің есебінде тұратын **343** адамға құқықтық, психологиялық көмек көрсетілді, оның **318–сі** пробация қызметінің есебінде тұрса**,** **25-і** жазасын толық өтеп шыққан азаматтар.

Орталық қызметкерлерімен жыл басынан **«Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталыққа»** орналастырылғандар саны **23**, оның **6**-ы жазасын толық өтегендер. Сонымен қатар **«Жұмыспен қамту орталығы»** арқылы атаулы әлеуметтік көмек **(АСП)** алуға - **32** азаматқа көмек көрсетілді.

Қазақстан Республикасында жарияланған төтенше жағдай кезеңінде **127** адам әлеуметтік көмек алды, оның ішінде азық түлікпен көмек көрсетілгендер де бар. Нұр-Отан партиясының **«Біз біргеміз»** акциясы аясында **50 000 тг** жәрдемақы алғандар, қызметінің шектелуіне байланысты **42500тг** әлеуметтік төлем алғандар, Төтенше жағдай кезеңінде азық-түлік және тұрмыстық жиынтықтарын сатып алу үшін **5567 тг** жәрдемақы алғандар да бар.

Құжаттарын қайта рәсімдеуге және тұрғылықты мекен жайға тіркеуге тұруға **8** азамат орталыққа өтініш білдірді, осы азаматтарға толық көмек көрсетілді.

Жер телімін алуға кезекке тұруға көмек сұраған **10** азамат, пәтер алуға көмек сұраған **3** азамат өтініш білдірген. Соған байланысты Қала әкімдігіне орталықтың қызметкерлері бірге еріп барып өтініштері тіркеуге алынды.

Қызылорда қаласы әкімдігінің қалалық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің ұйымдастыруымен **«Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі»** жыл басынан **3** рет өткізілді.

**Қалалық пробация қызметі және «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы»** бірлесіп, қалалық пробация қызметінің есебінде тұратын тұлғалардың жаңа өмірі жайлы әралуан іс-шаралар өткізілуде.

Жалпы кезінде істі болып, айып тағылып, қиын жағдайда қалған жандардың өмірге бейімделуіне барынша жағдай жасалуда. Оларға барлық мүмкіндіктер жасалуда.

**Б.УРАЗОВ**
**Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығының әлеуметтік қызметкері**

**МЕНШІК ИЕСІ:**
**«Желтоқсан и К» ЖШС**

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59 (қазіргі Жібек жолы көшесі, «Караван сарай» мейрамханасына қарама-қарсы), 1-қабат
**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі №49
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді

*Аймақ басшысы елдорда төріндегі Орталық коммуникациялар қызметінде ел журналистерінің сұрақтарына жауап берді. Еліміздегі басылым, телеарна тілшілері мен әлеуметтік желі белсенділері қатысуымен ұзақтығы 70 минөтке созылған брифингте түрлі сұрақтар қойылды. Тіпті, әйел әкімнің қарамағындағы бес ер орынбасарларын қалай басқаратыны да айтылмай қалмады. Расында, бұндай ашық сұхбат жұртшылыққа керек-ақ еді. Жыл бойындағы жеткен жетістіктермен қатар олқылықтар да қозғалды. Келіп-кеткен жұрт көп сынап-мінейтін әуежайдың жайынан бастап соңғы кездері күнделікті тақырыпқа айналған дария суының тартылуына дейін біраз ой айтылды. Әкім жауабынан аңғарылғаны: Бастысы қозғалыссыз отырған ешкім жоқ. Жан-жақты жобалар жасалып, ауқымды шаруалар атқарылуда. Әкімнің жұмысы әлеуметтік желіде отырған ел-жұрттың айқай шығарған, жұртқа таратқан әлеуметтік жағдайын ғана дұрыстау еместігін көп жұрт түсінген де сияқты. Сыр суының тартылуы, Аралдың келешегі, бизнес өкілдерін қолдау, аудандардағы әлеуетті арттыру бағытындағы жұмыстарды құлағымыз шалды. Бір ұққанымыз, аймақ басшысы Сыр бойы халқына ғана емес, аймақтың әрбір құм-тасына да жауапты...*



Қызылорда облысының әкімі Г.ӘБДІҚАЛЫҚОВА:

# КЕЗ-КЕЛГЕН ДАҒДАРЫСТАН КЕЙІН СЕРПІЛІС БОЛАТЫНЫ СӨЗСІЗ...

**Ания Байораз, модератор - Біз енді Қызылорда облысының аграрлық аймақ екенін жақсы білеміз. Өзіндік брендтеріңіз де бар. Дегенмен, осы балық, күріш, тұздан басқа қандай өнім өндіре аласыздар?**

- Биыл біз күріштен жақсы өнім алып отырмыз. Мысалы 62 мың тоннадан астам картоп алынды, 225 мың тонна жоңышқа, сонымен бірге 120 мың тоннадан астам көкөніс алынды. Ал енді биылдан бастап шетелге қамыс, мұздатылған көкөніс экспорттала бастады. Одан басқа бірінші рет макаронның бес түрін шығара бастадық. Арал қаласында жылына 130 мың тонна болатын ұнтақ түйе сүтін өндіретін зауыт іске қосылатын болады. Жақында екі үлкен инвесторлармен келісімшартқа қол қойдық. Бірі жоңышқаны егіп, қайта өңдеу, екіншісі қызынақтан томат жасау. Қуаттылығы жылына 10-15 мың тонна. Осындай әртараптандыру жұмыстарымен айналысамыз.

**Дарын Сағитов, «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы - Гүлшара Наушақызы, жалпы шыны зауыты жайлы аз айтылып жүрген жоқ. Жалпы осы зауыт қашан іске қосылады?**

- Шыны зауыты біраз уақыт бұрын қолға алынған. Қазіргі кезде 70 пайыздан астамы бітіп тұр. Жақсы техника келді. Ол техниканы қазір құру процесі де аяқталып қалды. Қалып отырған екі мәселе балқыту ваннасы мен күйдіру пеші. Бұл жұмыс келесі жылы бітеді деп отырмыз. Зауыт әрі қарай жұмыс істейді. Жақында ғана министр Атамқұлов келіп, зауытқа байланысты барлық туындап отырған мәселелерді қарады. Оның барлығы шешілетін мәселелер. Сонымен қатар, біз қазірдің өзінде осы зауыттың қасында ілеспе 8 зауыт саламыз деп ойлап отырмыз. Оның ішнде 3 зауыт бойынша біз кәсіпкерлермен келісімге келдік. Оның шінде шыны, айна жасайтын зауыт. Бұның барлығы біздің елімізге керек. Жылына барлығы бір миллион долларға бізге шыны келеді екен. Оның барлығы енді елімізде қалатын болады. Экспортқа да шығаратын боламыз. Инфрақұрылымдық мәселелерді шештік. Зауыт келесі жылы жұмысын бастайды деп жоспарлап отырмыз.

**- Дулат Абибуллаев, «Қазақ радиосынан» - Қоғамда Жаңақорған ауданынан жаңа мектеп салу үшін 2,5 миллиард теңге ақша бөлінген деген хабар бар. Бір мектепті салу үшін осыншама қаржы көп емес пе?**

- Жыл басында республикалық бюджеттен 2,5 миллиард теңге бөлінген екен. Мен келгеннен кейін бұл мәселені тағы бір рет қарап, бұл мектептің бағасын 600 миллионға дейін төмендеттік. Бұл мектеп екі апаттық мектептің орнына салынып жатыр. 900 бала осы жерде мектепте екі ауысымда оқиды. Ал үнемделген ақша осы аудандағы басқа 300 орындық мектепке жіберілетін болады.

**- Қызылорда облысында дәрігер маман тапшы екені белгілі. Бұл мәселе қалай шешілмек?**

- Біздің облыста әсіресе вирустың өршіп тұрған сәтінде дәрігерлер тапшы екенін сезіндік. Жалпы өңірімізде 1423 медициналық персонал жұмыс істейді. Былтыр 170 қосымша дәрігер қажет болатын. Биыл 130 дәрігер қажет. Биылдың өзінде бізге 90 маман оқу бітіріп келді. Жол картасын жасадық. Жүйелі жұмыс істеп жатырмыз. Мысалы, 94 жас резидентурада оқып жатыр. Оның 30-ы биыл келді. Сонымен қатар, БҚО Марат Оспанов атындағы университетке медициналық колледжді бітірген, мектепті жақсы бітірген 100 оқушыны грантпен оқытып жатырмыз. Олар да біртіндеп келеді деп ойдаймыз. Байқоңыр қаласында көпбейінді аурухана салынған болатын. Осы ауруханаға да 12 дәрігерді шақырдық Олардың пәтер мәселесін бірден шешіп бердік. Өте қажет 20 дәрігерге қазіргі кезде 500 АЕК ретінде қосымша төлем беріп отырмыз. Ол миллион үш жүзден асады.

**Ғалымжан Өтемісов, «Астана» арнасы - Жуырда Қызылордалық Қайсар клубының бас бапкері қазақ тілінде сөйлеуге тиым салған екен. Бұл шетелдік легионерлерді көптеп тартудан туындап жатқан мәселе емес пе?**

- Жалпы бұл жағдай Қызылорда мен Каспийдың арасындағы ойыннан кейін болған жағдай. Біздің ойыншылар ойынның нәтижесін бір-бірмен қазақ тілінде талқылап жатқан. Сол кезде бас бапкер Младенов қазақ тілінде емес орыс тілінде түсінікті болу үшін сөйлеуді сұраған. Қазір бұл жөнінде мәселе жоқ. Команда бір-бірін түсініп, келесі ойынға дайындалып жатыр. Жақын арада осы біздің команда «Астана» командасымен ойнайды.

**Кирилл Денисов, «Кызылординские вести» газеті - Өткен жылы 2020 жылдан бастап газдың тариф бағасы төмендейді деп айтылған еді. Қазіргі кезде баға өзгеріссіз қалды. Бұл жайлы пікіріңіз қандай?**

– Мен бұл мәселеден хабардармын. Табиғи монополиямен бірге тарифтік құнды 35 пайызға төмендету керек деп талап қойғанбыз. Бұл шешіммен КазТрансГаз Аймақ келіспеді. Бұл сұрақты өз бақылауымызда ұстайтын боламыз. Бүгінде аталған мәселе қайта қаралуда.

**Диана Құлмағанбетова, «informburo.kz» - 244 ИВЛ аппараттарын алыпсыздар. Осылардың ішінде қаншасы отандық өнім екенін білгім келіп еді. Дәл осы отандық тауарлар өңірге жеткізілді ма? Жұмыс жасап тұр ма?**

- Жыл басында 64 ИВЛ аппараты болды. Оған қоса 10 ИВЛ аппарат жұмысқа жарамсыз болды. Қазір бізде 96 ИВЛ аппараты қазақстандық-түркиялық тауар. Үкіметтің резервтік қоры есебінен алынды. Бұдан бөлек 52 ИВЛ аппарат гуманитарлық көмек ретінде жеткізілді. Олардың 21-і ресейлік, 12-сі қытайлық, 9-ы түркиялық тауар. Барлық аппараттар алынды. Жұмыс жасау мүмкіншілігі тексерілді. Біразы әлі күнге дейін қолданылған жоқ.

**Диана Құлмағанбетова, «informburo.kz» - Өңірде 10 мейрамхана өнеркісіптік өндіріске бет бұрды дедіңіз. Нақты қандай түрлері?**

- Бұл мейрамханалардың бірі медициналық орталыққа айналды. Енді бірі шырын құятын цехке айналды. Үшіншісі консервіленген ет өнімін дайындаумен айналысады. Осы тектес жұмыстар жасалуда. Әрі қарай да басқа да мейрамханалармен жұмыс жасау ойда бар. Себебі, мейрамхана бизнесі бұл уақытқа дейін біраз шығындарға батты.

**Азамат Тілепов, «Шалқар радиосы» - Сіздің аймақта ковидке шалдыққан азаматтарды емдеу жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр? Және пандемияның болжамды екінші толқынына қаншалықты дайынсыздар? Төсек орны жеткілікті ме?**

- Жалпы біздің аймақта наурыз айынан бастап 3285 азамат індет жұқтырды. Қазіргі кезде 98,4 пайызы емделіп шықты. Біз екінші толқынға дайындалып жатырмыз. Барлығы 21 инфекциялық аурханалардың орны дайындалды. Оның ішінде 3200 төсек орны бар. Жалпы құрал-жабдықтардан да біраз қосымша келіп түсті. 244 ИВЛ аппатары, 60 рентген, 10 цифрлы рентгенін алу жоспарда бар. 40 жедел жәрдем автокөліктері келіп жетті. 2 кешенді автобус келді. Ішінде барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, өңірде 200 орындық модульдық аурухана жақын уақытта бітеді деп жоспарлануда.

Жалпы дайындық бар. Екі айлық дәрі қоры бар. Одан басқа 488 миллионға қосымша қорға керек болған жағдайда дәрі алуды белгілеп қойдық.

**Нұршапағат Несіпбаев, «Хабар 24» – Қызылорда облысында пәтер кезегінде тұрғандарға үй кезегін пәтерлеп емес, ықшам аудандап беру бастамасы бар. Ал жеке тұрғын үй салушыларға жер телімін беру мәселесі қалай шешіліп жатыр?**

**Оқшау ой:**

**Қазіргі жағдайда жер беру мәселесінің өзектілігін аймақ басшысы атап өтті. Талап бойынша жер алған азамат 3 жыл ішінде жер телімін жандандырып, үй-жәй салу қажет. Өкініштісі сол, жер алғандардың біразы жерден айрылмау үшін үсті-үстіне несие алып, шағын қақыра болса да үй тұрғызуға мәжбүр. Ал бұған да мүмкіндігі жоқ, несие алатын көздің бәрін тауысқан жағдайы төмен отбасылар еріксіз жер телімінен айрылып қалуда. Қазіргі уақыттағы табыстың аздығына, құрылыс заттарының қымбаттығына орай үш жылдық мерзім кей жұртқа аз ба деген ой келеді. Осы қазаққа несиесіз үй салатын дәуір қашан туады екен?**

- Жер мәселесі әр кезде де өзекті. Біздің облыс бойынша 99 мың азамат жер алу кезегінде тұр. Оның шінде ең көбі Қызылорда қаласында 60 мың адам кезекте тұр. Соңғы жылдар ішінде 27 миллиард теңгеге жер телімдеріне инфрақұрылымдық жағдай жасалған. Оның ішінде бізде 16 мың үйге қазіргі кезде жарық, су, газ беріліп тұр. Биыл 1300 адамға жер бердік. Бірақ, жер берген азаматтар көп жағдайда үй салмай жатады. Заң бойынша 3 жылдың ішінде үй салыну керек. Осы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

**Юлия Волкова, «Еуразия» арнасы- Сіздің алдыңыздағы әкім Қуанышбек Ысқақов бірнеше рет әуежай мәселесіне байланысты келіссөздер жүргізіліп жатқандығын айтқан болатын. Биылғы жылдың ақпан айынан бастап бұл жайлы ешқандай ақпарат та, жаңалық та естілмеді. Бұл жоба жасалуда ма? Біз қашан жаңа әуежайды көреміз?**

- Сұрғаңызға рақмет. Өте өзекті сұрақ. Бұл мәселе бойынша жұмыс жасаудамыз. Расында, ауқымды жоба болған. Бірақ, бұл жоба тым қымбат. 18 миллиард теңгені құрайды. Дағдарыс заманында бұндай көлемді жобадан бас тарттық, Себебі, Түркістанда үлкен әуежай салынып бітті. Байқоңырда да әуежай бар. Сондықтан, біздің әуежайға реконструкция жүргізуді жоспарлап отырмыз. Қазіргі кезде барлық құжаттары дайын. Бағасы да ақылға қонымды. 1,5 миллиард теңге. Тіркеу орындары, жүк күтіп алу орындары және түрлі қызметтерді жаңалап, кеңейту жоспарда бар. Маңынан екінші ғимарат салынады. Бұрынғы ғимарат сақталып қалмақ.

**Алина Параджан, «Хабар» арнасы - Сырдариядағы су деңгейінің түсуі тоқтамауда. Осы орайда бірнеше су қоймасын салу жоспарда бар екен. Бұл қалай жүзеге аспақ? Жасалатын жобалар Сырдарияның арнасын реттеуге және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу жұмыстарына әсерін тигізбейді ме?**

- Расында, су тапшылығы жыл сайын сезілуде. Біздің күрішшілер бұны жақсы біледі. Егер секундына 500 м 3 су келуі керек болса, биылғы жылы 250 мен 400 ге дейін ғана су келді. Бұл өте аз. Сондықтан, біз Экология министрлігімен бұл тақырыпты бірнеше рет талқыладық. Бізге министр Мырзағалиев келген болатын. Су қоймаларын салу жөнінде жоспарлар бар. Қазіргі күні бұл шаруаға мамандар көмегі қажет. Менің ойымша бұл жобалар Аралға кері әсерін тигізбейді. Қазіргі таңда Сырдарияның арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу жөніндегі жұмыстардың екінші фазасы жүргізілуде. Дүниежүзілік банк 1,5 миллиард доллар қаржы бөлді. Халықаралық және отандық мамандар тартылатын болады. Жоспарлы сметалық құжаттары дайын болған сәтте жұмыс күшіне енбек.

**Алина Параджанның екінші сұрағы – 2020 жылы Қызылорда-Жезқазған жолын жөндеуден өткізу жайлы айтылған болатын. Қазіргі күні жұмыстың беталысы қандай? Қашан облыста ақылы автожолдар пайда болады?**

